

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
МЕДЕУ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
ЗАҢДЫ ТҮРДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН
2017 ж. 11. 09 өткізілді
№ 11023-1910-06-14 КУӘЛІК
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
11. 09 2017 г.
свидетельство № 11023-1910-06-10
ЕСН/СИН: 170 940012405

«Қазақстанның орнықтылық қоры»
акционерлік қоғамы Жалғыз акционерінің
2017 жылдың 22 тамыздағы №1 шешімімен
бекітілген

**«Қазақстанның орнықтылық қоры»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қ., 2017 жыл

Келесі бетті қараңыз

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 130 қаулысы негізінде құрылды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы (бұдан әрі – АҚ туралы заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» 2001 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге нормативтік актілеріне, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарға, Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының олардың құзыреті шегінде қабылданған шешімдеріне сәйкес.

3. Осы Жарғыда (бұдан әрі – Жарғы), Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының олардың құзыреті шегінде қабылданған шешімдерімен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

4. Қоғам коммерциялық ұйым болып табылады.

5. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

6. Қоғамның дербес балансы, банк шоттары, мемлекеттік тілде және орыс тіліндегі толық атауы көрсетілген мөрі болады.

7. Қоғамның өз атауы және қызметін жүзеге асыруы үшін қажетті өзге деректемелері бар бланкілері болады.

8. Қоғам қызметінің мерзімі – 15 жылдан аспайды.

2. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРІ

9. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі Қоғамның жалғыз құрылтайшысы және акционері (бұдан әрі – Акционер, Ұлттық Банк) болып табылады.

3. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

10. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде:

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде:

Акционерное общество «Казахстанский фонд устойчивости»;
ағылшын тілінде:

Joint - stock company «Kazakhstan sustainability fund».

Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «ҚОҚ» АҚ;

орыс тілінде: АО «КФУ»;

ағылшын тілінде: JSC «KSF».

11. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Достық даң. 136, 050051, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Интернет-ресурс: www.ksf.kz

4. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ

12. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты екінші деңгейдегі банктерге қаржылай қолдау көрсету арқылы банк секторының қаржылық тұрақтылығына жәрдем беру болып табылады.

Екінші деңгейдегі банктерді банктерге қаржылай қолдау көрсетуді Қоғам меншікті және тартылған қаражат есебінен жүзеге асырады.

Меншікті және тартылған қаражатты басқару тиімді, қызметтен кіріс алу және оны Акционердің мүддесіне пайдалану арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

13. Қоғамның міндеттері:

1) екінші деңгейдегі банктерді қаржылық тұрақтылығын арттыруға жәрдем беру;

2) екінші деңгейдегі банктерді қолдау жүйесін жеке және мемлекеттік капиталды тарту арқылы дамыту;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Акционердің шешімдеріне сәйкес басқа да міндеттер болып табылады.

14. Қоғам қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) банк секторын қолдау бағдарламаларын (оның ішінде мемлекеттік) әзірлеуге, іске асыруға және қаржыландыруға қатысу;

2) жарғылық капиталды қалыптастыру үшін акциялар шығару, сондай-ақ меншікті қызметін қаржыландыру үшін облигациялар шығару;

3) орналастырылған меншікті акциялары мен облигацияларын сатып алу;

4) екінші деңгейдегі банктердің қаржылық орнықтылықты арттыру жоспарларының орындалу мониторингі;

5) екінші деңгейдегі банктерге қаржылай қолдау көрсету, оның ішінде реттелген қарыздар беру (реттелген облигациялар сатып алу) арқылы және осы мақсаттар үшін екінші деңгейдегі банктермен және олардың акционерлерімен шарттар жасау;

6) екінші деңгейдегі банктердің реттелген борышты өтеу мониторингі;

7) екінші деңгейдегі банктердің акцияларын Қоғам сатып алған реттелген облигацияларды (реттелген борышты) конвертациялау арқылы сатып алу;

8) басшы қызметкерлерді тағайындауды қоса алғанда, акцияларын Қоғам сатып алған реттелген облигацияларды (реттелген борышты) конвертациялау арқылы сатып алатын екінші деңгейдегі банктердің акционерінің функцияларын жүзеге асыру;

9) инвесторлар іздестіру және екінші деңгейдегі банктердің реттелген облигацияларды (реттелген борышты) конвертациялау арқылы сатып алынған акцияларын жаңа инвесторға (инвесторларға) сату;

10) бос қаражатты банктік шот және банктік салым шарттарының талаптарымен, оның ішінде Ұлттық Банк бекіткен талаптармен бағалы қағаздарға, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерге және Ұлттық Банкке орналастыру.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алу қажет болатын лицензияның немесе өзге рұқсат түрінің болуы талап етілетін қызметтің түрлері тиісті лицензиялар немесе өзге рұқсат түрлері алынғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

5. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ

15. Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

16. Барлық мүдделі тұлға Жарғымен танысуға құқылы.

6. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

17. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық құқықтары бар және барлық міндетті атқарады.

18. Қоғам Акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікті иеленеді және оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік атқарады.

19. Акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

20. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасай алады, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерді иелене алады, сотта талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмейтін басқа іс-қимылдарды жүзеге асыра алады.

21. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан банктерде және басқа қаржы мекемелерінде ұлттық валютамен және сол сияқты шетел валютасымен шоттар ашуға құқылы.

22. Қоғам бухгалтерлік, салықтық және статистикалық есеп жүргізеді, жасайды және белгіленген тәртіппен Акционерге және тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға белгіленген мерзімде қызметтің барлық түрлері бойынша бекітілген нысанда қаржылық және өзге есептілік береді. Қоғам Акционерге ұсынылған ақпараттың толық және дәйекті болуы үшін жауапкершілік атқарады.

23. Қоғам оның ішкі қызметіне қатысты құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

24. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында мен Жарғыда көзделген басқа құқықтары болады және басқа міндеттерді атқарады.

7. ҚОҒАМНЫҢ МҮЛКІ

25. Қоғамның мүлкі Қоғамның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығымен тиесілі.

26. Қоғамның мүлкі Қоғамның акциялары үшін ақы төлеу ретінде Акционер енгізген ақша және өзге мүлік, өз қызметінің нәтижесінде алынған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кірістер есебінен қалыптастырылады және құны Қоғамның меншікті балансында көрсетілетін негізгі құрал-жабдықтарды, ақшаны, қорларды және өзге мүлікті құрайды.

8. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

27. Қоғам облигациялар, жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы.

28. Жай акция Акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселе бойынша шешімдер қабылдауына құқық береді. Жай акция сондай-ақ Акционерге Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

29. Артықшылық берілген акция оның меншік иесіне жай акциялардың акционерлері – меншік иелері алдында 1 (бір) артықшылық берілген акция үшін 1 (бір) теңге кепілдік берілген мөлшерде жылына бір рет дивиденд алуға артықшылық құқық береді. Артықшылық берілген акция Акционерге АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

Артықшылық берілген акциялар бойынша дивидендтер төлеу кезеңдігі – жылына бір рет.

30. Қоғамның акцияларын шығару құжаттандырылмаған нысанда жүзеге асырылады.

31. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін орналастырады.

32. Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

9. ТАЗА КІРІСТІ БӨЛУ ТӘРТІБІ

33. Қоғамның таза кірісі (салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төлегеннен кейін) Акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеу үшін бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға және Акционердің шешімімен көзделген өзге мақсаттарға жіберіледі.

10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

34. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма болып табылады.

11. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИОНЕРІ

35. Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша және Жарғымен акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді жалғыз Акционердің осындай шешімдер қабылдау құқығына ие лауазымды тұлғасы белгіленген тәртіппен қабылдайды.

36. Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған, Акционердің қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды Қоғамның Басқармасы, тарату барысында – тарату комиссиясы жүзеге асырады.

37. Қазақстан Республикасының Заңнамасы бойынша Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Акционердің қарауына шығаруға Директорлар кеңесі бастамашы болады не Акционер дербес қабылдайды, ал ерікті тарату барысында Қоғамның тарату комиссиясы да бастамашы бола алады.

38. Қазақстан Республикасының заңнамасында мәселелерді Акционердің қарауына міндетті түрде шығару жағдайлары көзделуі мүмкін.

39. Акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті көлемдегі ақпарат болуға тиіс.

40. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдарда ұсынылатын кандидаттар туралы мынадай ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;

4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары туралы және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;

5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат.

41. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін Акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтуға тиіс:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;

2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;

3) Директорлар кеңесінің аяқталған қаржы жылы үшін Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына бір жылға есептелетін дивиденд мөлшері туралы ұсынысы;

4) Акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеті бойынша өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;

5) оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді Акционердің қарауына шығаруға бастамашының қалауына қарай өзге де құжаттар.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша материалдар дайын болуға және жиналыс өткізілетін күнге дейін кемінде он күннен кешіктірілмей Акционердің танысуы үшін Қоғамның Басқармасы орналасқан жерде қолжетімді, ал Акционер сұратқан кезде – оған сұрату алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберілуге тиіс.

Акционердің шешімдерін Қор оның атқарушы органының тұрған жері бойынша сақтауға және танысуы үшін Акционерге кез келген уақытта беруге тиіс.

42. Акционер:

1) АҚ туралы заңда және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық және өзге де есептілігімен айналысуға;

3) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналдық ұстаушыдан бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын үзінді–көшірме алуға;

4) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;

5) АҚ туралы заңда көзделген жағдайларда өзінің атынан, Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген зияндарды Қоғамға қайтару және Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың үлестес тұлғалары ірі мәмілелер және (немесе) оларды жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасау (жасауға ұсыныстар) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтару туралы талаптармен сот органдарына жүгінуге;

б) оның қызметі туралы жазбаша сұратулармен Қоғамға өтініш жасауға және сұрату Қоғамға түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде не сұратуда белгіленген мерзімде дәлелді жауаптар алуға;

- 7) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 8) аудиторлық ұйымның Қоғамның аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;
- 9) Қоғамды тарату кезінде мүліктің бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, АҚ туралы заңда белгіленген тәртіппен акцияларды артықшылықпен сатып алуға;
- 11) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін, оның ішінде Акционердің ішкі аудит қызметінің күшімен тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

43. Акционер:

- 1) Қоғамның акцияларына ақы төлеуге;
- 2) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді жария етпеуге;
- 3) Қоғамның тіркеушісін және оған тиесілі акциялардың номиналдық ұстаушысын Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы он күн ішінде хабардар етуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

12. АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТІ

44. АҚ туралы заңға және Жарғыға сәйкес Акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Акционер органының лауазымды тұлғасы (лауазымды тұлғалары) және (немесе) Қазақстан Республикасының Заңнамасына және (немесе) оған берілген өкілеттіктерге сәйкес осындай шешімдер қабылдау құқығына ие болған қызметкер (қызметкерлері) қабылдайды.

Акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатқызылады:

- 1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту туралы шешім қабылдау немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау, сондай-ақ оны өзгерту талаптары мен тәртібін айқындау;
- 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешімдер қабылдау, осындай айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау;

8) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу мөлшері мен талаптарын белгілеу;

10) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясын есептеуде дивиденд мөлшерін бекіту тәртібін белгілеу;

12) қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешімдер қабылдау;

14) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) қоғам акцияларды АҚ туралы заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде олардың құнын белгілеу әдістемесіне (егер әдістеме құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту;

16) акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын белгілеу;

17) Қоғам Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін айқындау, Қоғам Басқармасының Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

18) «алтын акцияны» енгізу және жою;

19) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

20) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруге бастамашы болу;

21) шешімдер қабылдау АҚ туралы заңда және (немесе) Жарғыда Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

45. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешімдер қабылдау Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, Қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

46. Акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселе бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

Акционер өз шешімін жазбаша түрде ресімдейді.

47. Акционер, қажет болғанда, Қоғамның және оның органдарының қызметіне қатысты, оның ішінде Директорлар кеңесінің және/немесе Басқарманың құзыретіне кіретін кез келген мәселе бойынша Қоғамның көрсетілген органдарының тиісті шешімдерін қабылдау үшін қажетті кворум болмаған кезде, шешім қабылдауға құқылы.

13. ҚОҒАМ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

48. Директорлар кеңесі АҚ туралы заңда және Жарғыда Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешілуін қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің шешімдері Жарғыда, Қоғамның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қабылданады.

49. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы тиіс. Қоғам Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

50. Директорлар кеңесі Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешілуін қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Егер АҚ туралы заңда және Жарғыда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын белгілеу, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауы;

4) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) облигациялар шығарылымының талаптарын белгілеу, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

6) атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

7) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттілік мерзімін, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуды белгілеу, сондай-ақ

корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақыны беру шарттарын белгілеу;

8) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;

9) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

10) Қоғамның құрылымын, штат кестесін бекіту;

11) Акционермен алдын ала келісім бойынша Қоғамның бизнес-жоспарын жасау тәртібін реттейтін Қоғамның ішкі актісін келісу, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

12) Акционермен алдын ала келісілген Қоғамның бизнес-жоспарын (жылдық бюджетін) бекіту, оған қаржы жоспарының және/немесе күрделі шығыстар жоспарының жалпы сомасын ұлғайту немесе азайту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

13) Қоғам қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу, сыйлықақы беру тәртібін және жалақыларының диапазондарын бекіту;

14) қоғамның есеп саясатын бекіту;

15) акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі болатын заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

16) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

17) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімдерін айқындау, оның басшылары мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы төлеу шарттары, мөлшері;

18) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеу үшін берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

19) қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан астам пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімді қабылдауы;

20) жасасу туралы шешімді Акционер АҚ туралы заңға сәйкес қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелерді және жасалуына Қоғамның мүддесі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;

21) бос қаражатты бағалы қағаздарға, сол сияқты екінші деңгейдегі банктерге және Ұлттық Банкке орналастыру тәртібін бекіту;

22) инвесторды таңдау және реттелген облигацияларды (реттелген борышты) айырбастау арқылы сатып алынған екінші деңгейдегі банктердің акцияларын өткізу тәртібін бекіту;

23) Акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын, АҚ туралы заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген басқа да мәселелер.

51. Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

52. Директорлар кеңесі:

1) лауазымды тұлғалар және Акционер деңгейінде мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануға және мүддесі бар мәмілелерді жасау кезінде асыра пайдалануға жол бермеуге;

2) Қоғамда корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

53. Директорлар кеңесінде қабылданған Қоғамның шешімдері мен актілері Акционерге олар қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті түрде жіберіледі.

54. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесіне Акционердің мүдделерін білдіруші ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне Акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар қатарынан сайланады.

55. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленеді.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, немесе консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейін кем дегенде бір жыл бұрын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған тұлғалар сайлана алмайды. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, немесе консервациялау туралы шешім қабылдаған соң бес жыл ішінде қолданылады.

56. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шексіз рет қайта сайлана (қайта тағайындала) алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Акционер белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамын сайлау туралы Акционер шешім қабылдаған кезде аяқталады.

Акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің көрсетілген хабарламасын алған кезден бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлаған (тағайындаған) жағдайда соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда, Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі аяқталумен бір мезгілде аяқталады.

57. Директорлар кеңесінің төрағасы жасырын дауыспен Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелері қатарынан сайланады.

Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіпте:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 3) отырыстарда хаттама жүргізуді ұйымдастырады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Акционердің шешімінде көзделген өзге де мәселелерді жүзеге асырады;
- 5) Қоғамның - жұмыс берушінің еңбек шартына және жұмысқа қабылдау және Қоғамның Басқарма Төрағасымен жасалған еңбек шартын тоқтату туралы актілерге қол қояды.

Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

58. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша не:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудит ін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымының;
- 3) Акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

59. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылған күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы отырыс шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға көрсетілген талаппен өтініш жасауға құқылы.

Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап түскен күнінен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиісті.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынушыны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

60. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы хабарламаны Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберу тәртібін Директорлар кеңесі белгілейді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалдық байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефондық мәжіліс» режимінде бір мезгілде сөйлесулері) арқылы қатысуы, сондай-ақ байланысты өзге түрлерін пайдалана отырып қатысуы көзделуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы Басқарманы алдын-ала хабардар етуге міндетті. Отырысқа қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің мәселесі бойынша жазбаша хабарлама арқылы дауыс беруге құқылы.

Бұл ретте осындай күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламада мыналар болуы тиіс:

- 1) жасалған күні;
- 2) жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің пікірі білдірілген күн тәртібі;
- 3) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша нақты көзқарас;
- 4) қойылған қолы;
- 5) Директорлар кеңесі мүшесінің қалауы бойынша күн тәртібіне жататын өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесі мүшесінің күн тәртібі бойынша берген жазбаша хабарламасы қворумды және дауыс беру қорытындысын санаған кезде есепке алынады және күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің дауыс бергені туралы жазба жасалатын отырыс хаттамасына тігіледі.

Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Директорлар кеңесінің хатшысына Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін беруі тиіс.

Егер күн тәртібі бойынша жазбаша хабарламаны бұрын берген Директорлар кеңесінің мүшесі аралас дауыс беру пайдаланылатын Кеңес отырысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның жазбаша пікірі есепке алынбайды.

61. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмайды және Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелерін (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болғанда) есепке ала отырып анықталуы мүмкін.

62. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер АҚ туралы Заңда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі отырысына төрағалық етуші адамның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

63. Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының ұйғаруы бойынша Директорлар кеңесінің оның қарауына қойылған мәселе бойынша шешім қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер қолданылады.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болған кезде қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесі төрағасы мен хатшысы қол қоюы тиіс, сондай-ақ онда мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының атауы және орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыстың шешімін жазбаша ресімдеу күні және орны;
- 3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәліметтер;
- 4) отырысты шақыруды жүзеге асырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешімді қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;
- 8) өзге де мәліметтер.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол, негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньдерді қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

64. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткізілген отырысында қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді, оны отырыс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде отырыста төрағалық етуші тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы жасап, оған қол қояды және онда мыналар болуы тиіс:

- 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауысқа қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс беру қорытындысы;

6) қабылданған шешімдер;

7) күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс бергені туралы жазба (осындай жазбаша хабарлама болған жағдайда);

8) Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері, сондай-ақ қолдар қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

65. Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді және (немесе) өзінің қолымен және Қоғамның тиісті мөрінің бедерімен расталған хаттаманың және шешімнің үзінді көшірмелерін беруге міндетті.

14. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

66. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты алқалы атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, ол Қоғам қызметінің Қоғамның басқа органдарының және лауазымды адамдарының құзыретін жатқызылмаған мәселелері бойынша шешім қабылдайды, оның ішінде:

1) Акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады, Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған шешімдер қабылдайды;

2) Қоғам қызметінің басымды және перспективалық жоспарлары бойынша ұсыныстарды дайындап, Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады;

3) Қоғамның есеп саясатын әзірлеуді және Директорлар кеңесіне бекітуге беруді қамтамасыз етеді;

4) Қоғамның қаржылық жағдайын және тәуекелдерді басқарудың тиімділігін бақылайды;

5) Қоғамның шарттық міндеттемелерді, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын бақылайды;

6) ішкі аудит қызметі құрылған жағдайда, әр тексеру нәтижесі бойынша ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін талдайды және Директорлар кеңесіне анықталған кемшіліктерді жою бойынша тиісті шараларды қабылдау жөніндегі ұсыныстарын береді;

7) тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың қорытындысы негізінде Қоғамның есепке алу және есептілік жүйесін жақсартуды жүргізеді;

8) Қоғамның ішкі еңбек тәртібін айқындайды;

9) Қоғамда тиісті ынталандыру мен еңбек тәртібін қамтамасыз етеді;

10) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданған құжаттарды, сондай-ақ Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

11) есепті жыл ішінде құрылымдық бөлімшелер басшыларының қызметін бағалау тәртібін реттейтін ішкі құжаттарды бекітеді;

12) Қоғам туралы ішкі (жария емес) ақпараттың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етеді;

13) Қоғамның ағымдағы қызметінің өзге де мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында, ішкі құжаттарында және Акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған, Акционердің, Директорлар кеңесі мен Басқарма Төрағасының айрықша құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында айқындалған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

67. Басқарма Акционердің мүддесі үшін іс-қимыл жасайды және өзінің қызметінде Қоғамның Акционері мен Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма Акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауы міндетті. Басқарма мүшелері өз қызметінде кәсіптілік, адалдық, ақ ниеттілік, ақылдылық және сақтық қағидаттарын басшылыққа алады.

Басқарманың құрамына Төраға және Басқарманың мүшелері кіреді.

Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Акционерлік қоғам туралы заңында, заңнамалық актілерінде, Қоғамның Жарғысында, сондай-ақ Қоғам аталған адаммен жасасқан еңбек шартында айқындалады.

Басқарма Төрағасын қоспағанда Басқарма мүшесі Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарманың отырыстары Басқарманың кезкелген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Басқарма отырысын жүргізу үшін кворум Басқарма мүшелерінің жалпы санының 50 (елу) және одан астам пайызын құрайды.

Басқарманың әрбір мүшесі бір рет дауыс бере алады. Басқарма шешімдері отырысқа қатысқан Басқарма мүшелерінің берілген дауыстарының жалпы санының жай көпшілік дауыстарымен қабылданады. Берілген дауыс саны теңдей болған кезде Басқарма Төрағасының берген дауыс шешуші болып табылады.

Басқарманың шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды және ол дауыс беруге шығарылған мәселелерді, олар бойынша дауыс беру қорытындысын қамтиды және әрбір мәселе бойынша Басқарманың әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетіледі.

68. Басқарма Төрағасы оның басты лауазымды адамы болып табылады, Басқарманы ағымдағы басқаруды жүзеге асырады және Акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуына жауап береді.

Басқарма Төрағасы атқарушы органның не атқарушы органның функцияларын жеке орындайтын адамның, басқа заңды тұлғаның басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

69. Басқарма Төрағасы:

- 1) Акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда сенімхатсыз Қоғамның атынан сөйлейді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның мүддесін білдіру құқығына сенімхат береді;
- 4) Қоғам қызметкерлерінің жұмысқа қабылдануын, ауысуын және жұмыстан босатылуын жүзеге асырады (АҚ туралы заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда), оларға ынталандыру шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Басқарманың, ішкі аудит қызметінің және Қоғамның корпоративтік секторының құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеудің мөлшері мен талаптарын және сыйақы беруді белгілейді;
- 5) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген (бекіткен) штат санының және Қоғам құрылымының негізінде Қоғамның штат кестесін бекітеді;
- 6) Басқарма мүшелерімен, оның ішінде Қоғамның Басқармасы мүшелерімен еңбек шарттарын жасайды;
- 7) өзі болмаған жағдайда, өзінің міндеттерін орындауды Басқарманың бір мүшесіне жүктейді;
- 8) міндеттерді, сондай-ақ Басқарма мүшелері арасында өкілеттілік пен жауапкершілік аясын бөледі;
- 9) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 10) Қоғам атынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аудиторлық ұйыммен қаржылық есептілікке аудит жүргізуге шарт жасасады;
- 12) Қоғам атынан шарттарды (келісімшарттарды, келісімдерді) жасасады;
- 12) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтарды, өкімдерді және нұсқауларды шығарады;
- 13) Акционермен алдын ала келісілген Қоғамның бизнес-жоспарын және оған қаржылық жоспардың және/немесе күрделі шығыстар жоспарының жалпы сомасының ұлғаюы немесе азаюы бөлігінде өзгерістер мен толықтыруларды Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады. Қоғамның бизнес-жоспарында көзделген қаражатты қайта бөлу қажет болған жағдайда, қаржылық жоспар шығыстарын (еңбекке ақы төлеу шығыстарын қоспағанда) және/немесе күрделі шығыстар жоспарын қаржылық жоспардың және/немесе күрделі шығыстар жоспарының жалпы сомасы шегінде түзетеді;
- 14) Директорлар кеңесі алдын ала бекіткеннен кейін Акционерге қарау және бекіту үшін өткен жылға арналған жылдық қаржылық есепті береді;
- 15) Директорлар кеңесіне Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес ақпаратты береді;
- 16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шараларды қабылдайды және осы міндетті орындамағаны немесе тиісінше

орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікті атқарады;

17) өзінің өкілдіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Қоғамның істерін Акционердің шешімі бойынша уәкілетті адамға береді.

18) Жарғыда, Акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған, сондай-ақ Қоғам органдарының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды орындайды.

Басқарма Төрағасы Басқарманың қарауына оның құзыретіне қатысты кезкелген мәселені шығаруға құқылы.

15. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

70. Қоғамда Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін ішкі бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

71. Ішкі аудит қызметінің басшылары мен қызметкерлері онда басқа лауазымдар атқармауға тиіс, Қоғамның басқа бөлімшелерін басқаруға немесе Қоғамның басқа бөлімшелеріне жетекшілік етуге құқығы жоқ, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің және атқарушы органдарының құрамына сайланбайды (тағайындалмайды).

72. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қоғамның ішкі құжаттарын және Директорлар кеңесінің шешімдерін, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оған есеп береді.

16. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫ

73. Қоғамның лауазымды адамдары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, басшысы және Басқарма мүшелері):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Акционердің мүдделерін барынша жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін Жарғыға, Акционерлер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келетін, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануына немесе пайдалануына жол бермеуі және мәмілелер жасағанда асыра пайдалануға жол бермеуі тиіс;

3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қордың қызметі туралы ақпараттың жариялануы мен берілуін бақылайды;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың конфиденциалдылығын, оның ішінде Қоғамдағы қызметі тоқтаған кезден бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті;

6) хабардарлық, ашықтық негізінде, Қоғамның мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес хабардар болу, айқындылық іс-қимыл жасайды.

74. Қоғамның лауазымды адамдары өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

75. Қоғам Қоғамның лауазымды адамына Қоғамға келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

17. ҚОҒАМҒА ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУ

76. Қоғам сол тұлғалар және (немесе) Қоғамның тіркеушісі ұсынатын мәліметтердің негізінде өзінің үлестес тұлғаларының есебін жүргізеді.

77. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның алдында өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты ашуға міндетті.

Қоғамның лауазымды тұлғасының үлестес тұлғалары туралы ақпарат мыналар жөнінде келесі мәліметтерді қамтиды:

1) жақын туыстары, зайыбы, жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;

2) ондағы ірі акционер (ірі қатысушы) және (немесе) лауазымды тұлға сол жеке тұлға және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалар болып табылатын заңды тұлға;

3) сол жеке тұлғаның және (немесе) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың бақылауындағы заңды тұлға;

4) оған қатысты осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар ірі акционерлер (ірі қатысушылар) болып табылатын немесе мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлға;

5) осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары.

Үлестес тұлғалар туралы мәліметтер ресми хат, факс немесе электрондық почта арқылы жазбаша түрде ұсынылады.

78. Үлестес тұлғалар туралы ақпаратты тұлғаларды үлестес деп тану үшін негіздің пайда болуы (айрылуы) күнінен, акцияларды сатып алу күнінен, Қоғамның лауазымды тұлғаларымен еңбек шартын жасасу/лауазымды тұлғаны сайлау күнінен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Қоғамның үлестес тұлғалары ұсынады.

Ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік үлестестік туралы мәлімет ұсынған Қоғамның лауазымды тұлғасына жүктеледі.

Қоғамның үлестес тұлғалары Қоғамның сұратуы бойынша өзі және

өзінің үлестес тұлғалары туралы ақпаратты Қоғамнан сұрату алған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде ұсынады.

18. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ, ЕСЕП ҚҰЖАТТАМАСЫ ЖӘНЕ АУДИТІ

79. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарында, сондай-ақ Акционердің актілерінде белгіленеді.

80. Басқарма жыл сайын оны талқылау және бекіту үшін Акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Басқарма қаржылық есептілікпен қатар Акционерге аудитордың ұсынымдарын (басшылыққа хатты) қоса, аудиторлық есеп ұсынады.

